Бекітемін:

Ақан ауылы НОМ директоры:

Абдульманова Д.Ш.

# 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**Білім беру ұйымы: «Еркетай»шағын орталығы**

**Топ «Балапан» кіші тобы**

***Жоспардың құрылу кезеңі:* 04.01.2025-31.01.2025** **Қаңтар айы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қаңтар | **Дене шынықтыру** | Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. | Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу - жабу, кию-шешу, алу-салу), | Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. | адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі. |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. | көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды. |
| | **Сенсорика** | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. | Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген. |
| | **Сурет салу** | Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. | Қағаз бетін бағдарлайды. |
| | **Мүсіндеу** | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. | Мүсіндейтін заттарды зерттейді. |
| | **Жапсыру** | Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету. | Фланелеграфта қарапайым композицияларды құрастырады. |
| | **Құрастыру** | Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. | Ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды. |
| | **Музыка** | Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. | Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге). |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. | Басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады. |

тексерілді Абдульманова Д. Ш.

Сканировано с CamScanner